

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім саласына қатысты зерттеулер





Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім саласына қатысты зерттеулер

Зерттеу дегеніміз не?

Формальды зерттеулер – бұл біз өмір сүріп жатқан әлемді түсіну үшін күнделікті тәжірибедегі деректерді жинау, жинақтау және бағалауға жүйелі көзқарас.

Академиялық зерттеулер күнделікті өмірде ақпаратты жинау әдістерін айтарлықтай жақсартады. Басқа адамдарға қарау бақылауға айналады, сұрақтар қойылып, әңгімелесу болады. Егер сұрақтар жазбаша болса, олар сауалнамалар деп аталады. Басқалардан айырмашылығы, бұл ақпарат жинау практикасы саналы түрде жүзеге асырылады. Олар құрылымдалған, қатаң және ойластырылған болып келеді. Нәтижелер жүйелі түрде тіркеледі. Алайда, күрделі немесе формальды ұсынылған зерттеулер құбылыстарды табу және түсіну процесінің бір бөлігі болып табылады.

Онтология

Онтология – бұл болмыс туралы ілім, яғни әлем құрылысының қандай екенін түсіну. Демек онтология – бұл әлем мен ондағы өз орнымызды қалай көретінімізді анықтайды. Біз оны бекітілген және айқын, әлеуметтік құрылымдармен көре аламыз, олардың барлығы біздің қоғамымызға тиесілі немесе біз оны өте өзгермелі және әрқайсымыз үшін өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы бар нәрсе ретінде байқаймыз.

Эпистемология

Эпистемология кейде «таным теориясы» деп аталады. Басқаша айтқанда, адамның тану қабілеті, танымның бастауы, формалары, әдістері туралы, ақиқат және оған жетудің жолдары туралы ілім. Айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнелеуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным процесінің заңдылықтарын зерттейтін ғылымның саласы. Негізгі эпистемологиялық мәселе – ғылыми жаратылыстану тәсілі әлеуметтік әлемді зерттеу үшін қолайлылығын анықтайды.

Зерттеу процесі

Бұл процестің әрбір кезеңі, яғни зерттеушілер олардың жеке факторларына байланысты балама таңдау жасаса, әртүрлі аяқталуы мүмкін. Білім беру түсінігінің өзі түрлі нанымдар мен құндылықтарға негізделген, біз оны қарастырамыз және зерттейміз. Білім зерттеушісі білім беруге қатысты, сондай-ақ осы салаға қатысты зерттеулерге байланысты олардың идеологиясы мен нанымдарын көрсететін барлық процесс бойынша шешімдер қабылдауы тиіс.

Зерттеу процесі әдетте бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Мәселені/зерттеу тақырыбын таңдау.
2. Зерттеудің егжей-тегжейлі мәселелерін әзірлеу немесе тәсілдерді анықтау.
3. Деректерді жинау әдістерін анықтау.
4. Ақпарат жинау.
5. Талдау.
6. Қорытындыларды ұсыну.

Зерттеу парадигмалары

«Әлемнің бар екенін түсіну, заңды білім дегеніміз не?» деген сынды сұрақтар және оны қалай зерттейміз деген сауал бізді зерттеу парадигмасының идеясына әкеледі. Парадигмалар құндылықтар мен нанымдардың айрықша топтамалары мен көптеген идеялар мен тәсілдердің келісілген жиынтығы болып табылады. Олар әлемнің табиғаты туралы және оны қалай зерттеу керектігі туралы ортақ келісімді бейнелейді.

Әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеулер көбінесе екі негізгі парадигмаға бөлінеді: позитивистік немесе сандық және интерпретативті немесе сапалық. Олар полярлық қарама-қайшылықтар ретінде ұсынылған.



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім саласына қатысты зерттеулер

Сандық парадигма

Бұл ғылыми тәсіл эксперименталды әдіспен гипотезаны (бастапқы идея, дәлелденбеген теория) тестілеуге бағытталған. Мұнда көбінесе, екі бірдей топтың болуы талап етіледі. Бақылау тобы сол күйінде қалады және оған әсер етуі мүмкін барлық факторлар (айнымалылар) тұрақты болып қалады. Басқа топ, эксперименталды топ кейбір өзгерістерге ұшырап отырады (белгілі бір ерекше айнымалылар бақыланатын түрде өзгереді).

Сапалық парадигма

Аты айтып тұрғандай, бұл парадигма санын емес, сапасын негізге алады. Бұл парадигма қоғамның бекітілген құрылымы бар деп мәлімдемейді. Әлеуметтік әлем адамдардың өзара іс-қимылымен құрылады. Нормалар мен құндылықтар бар, бірақ олар нақты мәндер ретінде болмайды. Олар адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігі ретінде пайдаланылады және өзгереді.

Зерттеу әдістері

Ақпарат алудың көптеген жолдары бар және ең көп таралған тізімі төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- экспериментальді тест (сынақ) нәтижелері;
- сұхбат;
- сауалнамалар;
- бақылау-құрылымдалған немесе этнографиялық;
- блогтар / зерттеушілер күнделіктері;
- блогтар / респонденттердің күнделіктері;
- жеке өмірбаяндар;
- суреттер;
- бейне жазбалар;
- контент-талдау (студенттердің жұмыстары немесе мәтіндер);
- құжаттар;
- ресми жазбалар және статистика;
- емтихан нәтижелері.

Деректерді жинау әдістері

1. Сауалнама – өте тез жауап алу үшін пайдалы әдіс және сандық деректерді ұсыну ретінде қарастырылуы мүмкін. Осы әдістің көмегімен толық жеке жауаптар алу қиын, сондықтан оның «сапалық» зерттеуші үшін пайдасы аз. Сауалнама сұрақтар тізімінен тұрады. Олар зерттеушінің қалай ұйымдастырғанына байланысты респонденттерге әртүрлі түрде берілуі мүмкін.

Деректерді жинау кезіндегі сауалнамалардың күшті жақтары (артықшылығы):

- Үлкен көлемді деректерді жылдам жинауға болады.
- Зерттеуші жеке тұлғалардың нақты сұрақтарына жауаптарды немесе респонденттер топтарының арасында салыстыра алады.
- Деректер статистикалық түрде көрсетілуі мүмкін. Осылайша, басқа зерттеулер мен салыстыру жүргізуге болады.
- Зерттеу халыққа қатысты жалпы мәлімдемелерді жасауға мүмкіндік береді, мысалы, пайыздық көрсетім бойынша 18 жасында мектепті кім тастап кетті, белгілі бір біліктілікті алғандардың пайызы, және т. б.

2. Сұхбат. Мұнда зерттеуші алдын-ала белгіленген сұрақтармен берілген форматты ұстанады. Олар әр сұхбатты әртүрлі жағдайларға қаншалықты бейімдеуге қабілетті – бұл алдын ала шешіледі. Бұл сандық және кейбір сапалық деректерді ұсына алатын сұраунаманың дамыған түрі.

Деректер жинаудағы сұхбаттың күшті жақтары (артықшылығы):

- Олар әртүрлі жағдайларға және респонденттерге бейімделуі мүмкін.



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім саласына қатысты зерттеулер

- Интервьюер сауалнамадан алу мүмкін емес бейвербалды ақпаратты жинай алады, мысалы, респондент белгілі бір тақырыптар бойынша көрсететін тітіркену немесе рақаттану жағдайлары.
- Зерттеуші сұхбат кезінде, көрініс беруіне қарай «болжамдарды» және тергеудің күтпеген түрлі бағыттарын «ұстана» алады; мысалы, зерттеу басталғанға дейін айтылмаған немесе күдіктелген кейбір мәселелердің интервью барысында нақты болған-болмағанын байқауға, анықтауға болады.
- Зерттеуші респонденттің өз сөздерінде көрсетілген толық, сапалы деректерді ала алады.

Деректер жинаудағы сұхбаттың әлсіз жақтары (кемшіліктері):

- Интервьюер жауаптарға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ол респондентке әсер етуі немесе оны басқаруы мүмкін.
- Сұхбат көп уақыт алуы, күрделі болуы мүмкін.
- Сұхбат неғұрлым құрылымдалмаған болса, деректер арасындағы айырмашылықтар соғұрлым көп. Бұл деректерді салыстыру қиын.

3. Бақылау – зерттеуші белгілі бір факторларға жауап берушілердің реакциясын көрсететін көптеген психологиялық эксперименттердегі сияқты, формалды және айқын болуы мүмкін. Мұнда бақылаушы өзі туралы білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол формалды және жасырын болуы мүмкін, қатысушылар шынайы байқаушыны байқамайды. Мысалы, зерттеуші-мұғалімдер негізгі мұғалімге «көмекші» бола жүріп, сыныпты бақылай алады.

Деректерді жинауда бақылаудың күшті жақтары (артықшылықтары):

- Адамдардың «табиғи» жағдайларда қалай жұмыс істейтінін көруге болады.
- Зерттеуші бақылау субъектілері өздері сипаттағандай әрекет ететінін-етпейтінін нақты іс жүзінде көре алады.
- Бақылаушы қысқа уақыт ішінде көптеген деректерді жинай алады.

Деректерді жинаудағы бақылаудың әлсіз жақтары (кемшіліктері):

- Бақылауға пайдалы болатын жағдайларға қол жеткізу қиын болуы мүмкін. Мысалы, оқу орындарында қорлау және т. б. жасырын түрде орын алады.
- Бақылаушылар әдетте құпия талқылауларға жіберілмейді
- Бір уақытта бақылау және жазу қиын. Мысалы, «Beachside Comprehensive» зерттеуіндегі (1981) Болл пайдаланатын Фландрия бақылауларын қолдану, жазбаларды әрбір үш секунд сайын жасалуын талап етеді
- Графиктер қолданылса, кейде мінез-құлықты жіктеу қиын. Тек бақылау арқылы ғана әрекетті түсінуге болмайды. Мысалы, неге мұғалім балалармен басқаша сөйлеседі. Қосымша сұхбат қажет болуы мүмкін. Бұл іс жүзіндегі осы әдістің әлсіздігін толық талдау бере отырып, күшті жағына айналдыра алады.
- Бақылаушы жағдайға әсер етуі мүмкін. Егер инспектор сабақта болса, сіз өзіңізді әдеттегідей ұстай алар ма едіңіз?
- Егер олар өздерін бақылауда екенін білмесе, адамдарды қадағалаудың этикалық мәселелері туындайды.
- Бұл әдісті шпионаж ретінде де қарастыруға болады.

Терминдер

Парадигма (үлгі деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория.

Контент – ақпараттың барлық түрі, мазмұны.

Сұрақтар:

1. Формальды зерттеу дегеніміз не?
2. Онтология дегеніміз не?
3. Эпистемиология дегеніміз не?
4. Зерттеудің қандай парадигмалары бар?